



UNIVERSITY OF CAMBRIDGE INTERNATIONAL EXAMINATIONS
International General Certificate of Secondary Education

CANDIDATE
NAME

CENTRE
NUMBER

--	--	--	--	--

CANDIDATE
NUMBER

--	--	--	--



KAZAKH AS A SECOND LANGUAGE

0532/01

Paper 1 Reading and Writing

May/June 2013

2 hours

Candidates answer on the Question Paper.

No Additional Materials are required.

READ THESE INSTRUCTIONS FIRST

Write your Centre number, candidate number and name on all the work you hand in.
Write in dark blue or black pen.
Do not use staples, paper clips, highlighters, glue or correction fluid.
DO NOT WRITE IN ANY BARCODES.

Answer **all** questions.

At the end of the examination, fasten all your work securely together.
The number of marks is given in brackets [] at the end of each question or part question.

For Examiner's Use	
Section 1	
Section 2	
Total	

This document consists of **13** printed pages and **3** blank pages.

1-бөлімі

1-тапсырма, 1–6 сұрақтар

«Көкпар» ойыны туралы мәтінді оқып, келесі бетте берілген сұрақтарға жауап беріңіз.

«Көкпар»

«Көкпар» ойынының аты «көк бөрі» (жас қасқыр) деген сөзден келген. Түркі халықтарының мифологиясында көк бөрі туралы аңыздар көп. Аңыз бойынша далада жылап жатқан баланы ана қасқыр тауып алып, сүтін беріп өсірген. Сол баланың ұрпақтары қазіргі түркі халықтары. Аңызға сәйкес, түркі халықтары тегін қасқыр деп санайды. Ал «Көкпар» ойыны қасқырлардың өмірінің көрінісі ретінде барлық түркі халықтарының мәдениетінде сақталған. Өзбектер, түрікмендер, қырғыздар мен қазақтар – барлығының мәдениетінде «Көкпар» ойыны бар.

Әдетте көкпар тартуға бауыздалған лақ беріледі. Ойын жазық далада ойналады. Көмбе (финиш) алдын-ала белгіленеді. Бауыздалған лақ ойыншылардан 50–60 метр қашықтықта жатады. Ойын бастаушы қандай да бір белгі бергеннен кейін, көкпаршылар лаққа қарай шаба жөнеледі. Жерде жатқан лаққа бірінші жеткен шабандоз лақты іліп алып қашады, қалған көкпаршылар оны қуып жетіп, лақты тартып алуға әрекеттенеді. Ойын шабандоздар белгіленген көмбеге жеткенше осылай жалғаса береді. Лақты көмбеге бұрын әкелген жігіт жеңімпаз атанып, ақшалай сыйлық алады. Егер ойыншылар екі ауыл болып немесе екі топ болып бөлініп ойнаса, көмбеге алғаш жеткен көкпаршының тобы жеңіске жеткен болып есептеледі. Мұндай ойынды «Мөре көкпар» деп атайды.

3

1 «Көкпар» атауы қандай сөзден шыққан?

.....[1]

2 Аңыз бойынша баланы кім асырады?

.....[1]

3 «Көкпар» ойыны ненің көрінісі?

.....[1]

4 «Көкпар» басталғанда лақ ойыншылардан қандай қашықтықта жатады?

.....[1]

5 Ойынның жеңімпазына не беріледі?

.....[1]

6 «Мәре көкпар» қандай ойын?

.....[1]

[Барлығы: 6]

2-тапсырма, 7-сұрақ

Әсемнің блогындағы өзі туралы жазбасын пайдаланып, оған «Менің Әлемім» парақшасын көмектесіңіз.

Мен Павлодар қаласында туып өстім. Туған күнім дәл 22-наурыз мейрамы күні. Қазір Алматыда тұрамыз. Павлодарда тұрғанда 14-орыс мектебінде оқыдым, ал қазір 139-қазақ мектебінің 11-сыныбында оқып жүрмін. Мектептен кейін Қазақ Ұлттық Университетінің химия факультетіне түспекшімін. Химия пәнін өте қызығып оқимын. Бірақ одан басқа қызығушылықтарым да жетеді. Інім екеуіміз бірге теннис ойнаймыз және кино көреміз. Жас режиссерлердің эксперименталды киноларын көріп, талдағанды ұнатамыз. Біздің тыңдайтын музыкамыз да ұқсас – екеуіміз де классикалық музыканы жақсы көреміз. Мамам екеуіміз тамақ пісіреміз, ал папаммен әдебиет туралы сөйлескенді жақсы көремін. Папам екеуіміз көп жазушылардың кітаптарын оқыдық. Менің сүйікті кітаптарымның бірі – Оралхан Бөкеевтің қысқа әңгімелері. Достарым көп, бірақ олармен көп араласуға уақытым жоқ. Сабақтан кейін қосымша сабақтарым бар және аптасына екі рет жапон тілінің курстарына барамын. Неге дейсіз бе? Себебі Жапон мәдениеті – менің көп қызығушылықтарымның бірі. Уақытым аз болғандықтан «Менің Әлемім» парақшасын ашпақшымын. Оған қалай тіркелу керек, кім біледі?

Жеке ақпарат парақшасын толтырыңыз. Екі жолы толтырылған.

Менің әлемім

Қазіргі тұратын қаласы

Туған күні

22	03
----	----

Оқу орны

Сүйікті пәндері

Сүйікті спорты:

Сүйікті кинолары:

Сүйікті музыкасы:

Сүйікті кітаптары:

Шет тілдері:

[Барлығы: 7]

3-тапсырма, 8–10 сұрақтар

Жасөспірімдердің ұйқысы туралы баяндаманы оқып, келесі бетте берілген айдарлар бойынша мәтіндегі маңызды деректерді жазып алыңыз.

Жасөспірімдер және ұйқы

Ұйқы кезінде адамның миында көптеген әрекеттер орындалады. Солардың бірі – мидың күндіз жиналған ақпаратты қорытуы. Егер ми ұйқыға қанбаса, ол жетіспей тұрған ұйқы мөлшерін қайткен күнде толтыруға әрекет жасайды. Сондықтан түнде дұрыс ұйықтамаған адам күндіз ұйқылы-ояу жүреді. Мұндай күйдегі адамның жұмысы өнбейтіні түсінікті. Сонымен қатар, мұндай күйде адамның көңіл-күйі дұрыс болмайды және мінез-құлқы бұзылады. Ал мұның барлығы оның адамдармен қарым-қатынасына жағымсыз әсер етеді.

Мамандар өтпелі кезеңде жүрген жасөспірімдердің ұйқысы аса маңызды деп санайды. Соңғы зерттеулер жасөспірімдердің ұйықтау жүйесі ересектер мен жас балалардың ұйықтау жүйесінен өзгеше болатынын анықтаған. Өтпелі кезеңдегі жасөспірімдердің дене ырғағы уақытша басқа режимге ауысады екен. Сол кезде олардың ағзасы сол дене ырғағына бағынып, кеш жатып, кеш тұруды талап ететін көрінеді.

Зерттеулердің нәтижесі бойынша жасөспірімдер күніне тоғыз немесе тоғыз жарым сағат ұйықтауы қажет. Мысалы, он жасар балалар мен ересектерге сегіз сағат ұйқы жеткілікті. Ал жасөспірімдердің ағзасында болатын өзгерістер мен олардың өмір салтының өзгеруі олардың ағзасының кем дегенде тоғыз сағат тынығуын қажет етеді.

Өкінішке орай, көптеген жасөспірімдер тоғыз сағаттан аз ұйықтайды. Мысалы, бір зерттеудің көрсеткіші бойынша, сұралған жасөспірімдердің он бес пайызы ғана тоғыз сағат ұйықтайтын болып шыққан. Бірақ, 13–14 жастағы жасөспірімдерге мектепте жақсы оқуы, спортпен айналысуы және құрдастарымен дұрыс қарым-қатынас құруы керек болғандықтан, қажетті ұйқы мөлшерін азайтуға болмайды.

Бұл мәселені қалай шешуге болады? Жасөспірімдер өздерінің ұйықтайтын және тұратын уақытын анықтап, сол күн тәртібіне дағдылануы керек. Демалыс күндері де сол күн тәртібін бұзбауға тырысуы керек. Ұйықтар алдында ас-су ішіп, теледидар көрмеген дұрыс. Оның орнына кітап оқыса немесе душ қабылдаса, денесі мен миы тынығады. Сонда баланың ағзасы белгілі уақытта ұйқы сигналына жауап беруге үйренеді.

Маңызды деректер

8 Ми мен ұйқының байланысы:

• [1]

• [1]

9 Жасөспірімдердің ұйқысы туралы зерттеулердің екі нәтижесі:

• [1]

• [1]

10 Жасөспірімдердің ұйқысын қандыру мәселесін шешудің үш жолын атаңыз.:

• [1]

• [1]

• [1]

[Барлығы: 7]

4-тапсырма, 11-сұрақ

Берілген мәтін – жарнамалар туралы пікір. Пікірді оқып, түсінгеніңізді 80–100 сөзбен қорытындылап жазыңыз. Қорытындыңызда жарнамалаудың түрлерін сипаттаңыз және жарнамалардың пайдасы мен залалын талқылаңыз. Есіңізде болсын, қорытындыны өз сөзіңізбен жазуыңыз керек.

Жарнамалар пайдалы ма?


Жарнамалар – өміріміздегі үйреншікті нәрселердің бірі. Көшелер мен дүкендер, қоғамдық көліктер, газеттер мен журналдар, теледидар мен радио, енді міне интернет те жарнамаға толды. Саудагерлер өз өнімдері мен қызметтерін сату үшін барлық әдістерді қолданады. Жарнамалардың көптігі соншалық, біз оларға мүлдем мән бермейміз және олардың пайдасы немесе кемшіліктері туралы көп ойлана бермейміз. Ал жарнаманың біз үшін пайдасы көп болуы мүмкін.

Мамандар жарнаманың екі түрі бар дейді. Оның бірі – ақпараттық жарнама. Мұндай жарнама тұтынушыға өнім немесе қызмет туралы көбірек мағлұмат береді, ол туралы қолданушылардың пікірімен таныстырады. Әсіресе өнім жаңа болса мұндай ақпарат тұтынушының шешім қабылдауында алар орны үлкен. Мысалы, егер бізге шаң сорғыш сатып алу қажет болса, қаптаған ұсыныстардың арасынан қайсысын таңдарымызды білмей басымыз қатуы мүмкін. Ал ақпараттық жарнамалар шаң сорғыштың соңғы үлгілері туралы және қолданушылардың берген бағасы туралы жеткілікті ақпарат қамтамасыз етсе, шешім қабылдау жеңілдірек болады.

Алайда, ақпараттық жарнамалар аз. Жарнамалардың көбі – тұтынушыны сендіруге бағытталған жарнамалар. Мұндай жарнамалар өнімнің немесе қызметтің тұтынушысын анықтап, оның шешім қабылдауына психологиялық әсер ету мақсатында жұмыс істейді. Тұтынушыға арналған жарнамалар өздерінің өнімдері туралы ақпаратпен қоса, өз өнімдерін басқа бәсекелес өнімдермен салыстырады және өз өнімдерінің артықшылығын дәлелдеуге тырысады.

Жарнамалардың тұтынушыларға сауда жасауда тигізетін көмегімен қатар залалы туралы да ұмытпаған жөн. Кейде бәсекелес өнімдердің шамадан тыс жарнамалары тұтынушының қарапайым таңдауын қиындатады. Сондай-ақ, кейбір жарнамалардың мақсаты тек қана сату болғандықтан, олар өнімдерінің кемшіліктерін жасырып, тұтынушыға жалған ақпарат береді. Ал тұтынушы жарнамаға сеніп, сапасыз өнім сатып алуы мүмкін. Жарнамалардың тағы бір үлкен кемшілігі – бәсекелес өнімдердің шамадан тыс жарнамасы өнімнің бағасының көтерілуіне әкеледі. Бұл әрине, міндетті түрде сатып алушының қалтасына әсерін тигізеді.

Мәтіннің қорытындысы



Ruled area for writing the summary of the text.

[Барлығы: 10]

5-тапсырма, 12–20 сұрақтар

Тамғалы Тас петроглифтері туралы баяндаманы оқып, келесі бетте берілген сұрақтарға жауап беріңіз.

Тамғалы Тас петроглифтері

Петроглифтер – тасқа қашалып салынған бейнелер. Петроглифтер әлемнің әр түрлі аймақтарынан – Африка, Скандинавия, Солтүстік Америка, Австралия және Сібірден табылған. Петроглифтер табылған жерден әдетте обалар немесе адамзат тұрақтарының қалдықтары, табыну нысандары немесе құрбандыққа шалу рәсімінің қалдықтары да табылады.

Петроглифтердің не үшін қолданылғаны жайлы олардың орны, уақыты және түріне қарай әр түрлі пікірлер бар. Кейбір петроглифтер астрономиялық белгілер деп танылса, тағы біреулері алғашқы жазу үлгілері деп танылады. Ең көп тараған пікір – петроглифтерді ежелгі адамдар құдіретке табыну үшін және әр түрлі діни рәсімдер өткізу үшін қолданған деген пікір.

Қазақстанның Жетісу өңірі – осындай тасқа қашалып салынған бейнелер көптеп табылған аймақ. Соның бірі – Алматы қаласынан 170 шақырым жерде орналасқан Тамғалы Тас шатқалындағы петроглифтер. Оны 1957-жылы Анна Максимова басқарған археологиялық экспедиция тауып алды. Тамғалы Тас шатқалындағы бейнелер саны бес мыңға жуық. Ең қызығы – бұл петроглифтердің әр түрлі дәуірде қашалғаны анықталған. Аймақтағы ең көне петроглифтерді зерттеушілер ерте және орта қола дәуіріне жатқызады. Кейбір үлгілер темір дәуірінде, ал кейбіреуі біздің заманымыздың орта ғасырында қашалған бейнелер. Бұл деректерге сүйеніп, зерттеушілер Тамғалы Тас ұзақ ғасырлар бойы құдіретке табынатын орын болған деп санайды.

Қола дәуірінде салынған бейнелердің өлшемі үлкен келеді. Олардың көбі басының орнына күн бейнесі салынған құдіреттер, маска киген адамдар немесе жануар-басты адамдар мен жануарларды бейнелейді. Қола дәуірінің соңында пайда болған бейнелер шағындау келеді және көшпенді малшылар өмірінен көбірек көрініс береді. Ерте темір дәуірінде салынған суреттер Сақтар мен Үйсіндердің аңшылық өмірінен хабар береді. Бұл дәуірдегі бейнелердің ең үлкен ерекшелігі – олардың біркелкі болмауы, яғни оларды әр түрлі уақытта әр түрлі адамдар салғаны байқалады. Бұл бейнелерде басқа жануарлармен қатар түйе бейнесі де пайда бола бастаған.

Біздің заманымыздың Орта ғасырында пайда болған бейнелер көне түркілер өмірінен, әсіресе көшпенді малшылар өмірінен хабар береді. Тастардан табылған Будда бейнелері де осы кезеңге жатады.

Бұл тарихи ескерткіштер осы аймақта тұрған адамдардың мәдениеті мен өмір салты туралы көп ақпарат ұсынады. Бұл қазір Қазақстандағы ең маңызды тарихи ескерткіштердің бірі болып табылады. Сондықтан 2004-жылы ЮНЕСКО халықаралық ұйымы Тамғалы петроглифтерін өзінің белгілі Әлем Мирасы тізіміне енгізді. Нәтижесінде Тамғалы Тастың қазіргі күйін Қазақстан мемлекеті қорғауы тиіс.

12 Петроглифтер деген не?

..... [1]

13 Петроглифтер не үшін қолданылғаны туралы ең көп тараған пікір қандай?

..... [1]

14 Анна Максимова деген кім?

..... [1]

15 Тамғалы Тастағы ең көне бейнелер қай дәуірге жатады?

..... [1]

16 Қола дәуірінің соңында пайда болған бейнелердің екі айырмашылығын атаңыз.

(i) [1]

(ii) [1]

17 Ерте темір дәуірінде салынған суреттер неге біркелкі емес?

..... [1]

18 Көне түркі тайпаларының өмірі қай дәуірдің суреттерінде бейнеленген ?

..... [1]

19 2004-жылы не болды?

..... [1]

20 Қазақстанның Тамғалы Тасқа қатысты міндеті қандай?

..... [1]

[Барлығы: 10]

6-тапсырма, 21-сұрақ

Достық әр адам үшін маңызды, бірақ әр адамның достық туралы пікірі әрқалай. Достық және дос қандай болу керек екендігі туралы өзіңіздің пікіріңіз қандай? Пікіріңізді мысалдармен толықтырып, ойларыңызды деректермен қолдап, мектеп журналына достық туралы мақала жазып беріңіз. Мақалаңыз 150–200 сөзден кем болмасын.


Төменде келтірілген мысалдар өзіңіз сияқты жасөспірімдердің пікірлері. Бұл пікірлер сізге ой салу үшін берілген.

Дос – ең жақын адамың.
Нағыз досқа жүз пайыз
сенуге болады.

Достықтың да шегі
болуы керек – досыңа
сенбегендіктен емес,
сыйластық үшін.

Шынайы достық
болмайды. Себебі
ешкімге толығымен
сенуге болмайды.

Шынайы дос болу –
басқа адамға пайдалы
бола білу.



A series of horizontal dotted lines for writing, spanning most of the page width.

[Барлығы: 20]

Permission to reproduce items where third-party owned material protected by copyright is included has been sought and cleared where possible. Every reasonable effort has been made by the publisher (UCLES) to trace copyright holders, but if any items requiring clearance have unwittingly been included, the publisher will be pleased to make amends at the earliest possible opportunity.

University of Cambridge International Examinations is part of the Cambridge Assessment Group. Cambridge Assessment is the brand name of University of Cambridge Local Examinations Syndicate (UCLES), which is itself a department of the University of Cambridge.